

**Мәслихаттың "Қостанай облысы Әуликөл ауданы Әуликөл ауылының жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 19 наурыздағы № 140 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2022 жылғы 9 ақпандағы № 90 шешімі. Күші бұзылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2023 жылғы 4 қыркүйектегі № 62 шешімімен

**Ескерту. Күші бұзылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 04.09.2023 № 62 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Әуликөл аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мәслихаттың "Қостанай облысы Әуликөл ауданы Әуликөл ауылының жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 19 наурыздағы № 140 шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4654 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

мемлекеттік тілдегі тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Қостанай облысы Әуликөл ауданы Әуликөл ауылының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы", орыс тіліндегі тақырыбында "ауылдар" деген сөз алынып тасталсын;

1 және 2-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Әуликөл ауданы Әуликөл ауылының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қостанай облысы Әуликөл ауданы Әуликөл ауылының жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.";

көрсетілген шешіммен бекітілген, Қостанай облысы Әуликөл ауданы Әуликөл ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешіммен бекітілген, Қостанай облысы Әуликөл ауданы Әуликөл ауылының жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешімнің қосымшаларында:

"Мәслихаттың 2014 жылғы 19 наурыздағы № 140 шешімімен бекітілген" деген сөздер "Мәслихаттың 2014 жылғы 19 наурыздағы № 140 шешіміне 1-қосымша" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Мәслихаттың 2014 жылғы 19 наурыздағы № 140 шешіміне қосымша" деген сөздер "Мәслихаттың 2014 жылғы 19 наурыздағы № 140 шешіміне 2-қосымша" деген сөздермен ауыстырылсын".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әуликөл аудандық мәслихатының хатшысы*

*Д. Қойшыбаев*

Мәслихаттың  
2022 жылғы 9 ақпандағы  
№ 90 шешіміне  
1-қосымша  
Мәслихаттың  
2014 жылғы 19 наурыздағы  
№ 140 шешіміне  
1-қосымша

## **Қостанай облысы Әуликөл ауданы Әуликөл ауылының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қостанай облысы Әуликөл ауданы Әуликөл ауылының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысымен бекітілген Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгі қағидаларына сәйкес әзірленді және Қостанай облысы Әуликөл ауданы Әуликөл ауылы тұрғындарының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін ауыл аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – көше тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

## **2-тарау. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі**

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін Әуликөл ауылының аумағы учаскелерге (көшелерге) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Әуликөл ауылының әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Әуликөл ауылының әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етіледі.

7. Көшелер шегінде бөлек жиынды өткізуді Әуликөл ауылының әкімі ұйымдастырады.

Шағын аудан немесе көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындар өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті көшенің қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы көшеде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Бөлек жиынды Әуликөл ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Әуликөл ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің кандидатураларын Әуликөл аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

11. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Әуликөл ауылының әкімінің аппаратына береді.

Мәслихаттың  
2022 жылғы 9 ақпандағы  
№ 90 шешіміне  
2-қосымша  
Мәслихаттың  
2014 жылғы 19 наурыздағы  
№ 140 шешіміне  
2-қосымша

**Қостанай облысы Әуликөл ауданы Әуликөл ауылының жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамы**

№	Көшелер атауы	Өкілдер саны (адам)
1	Байтұрсынов	1
2.	Баймағамбетов	1
3	Алтынсарин	1
4	Ерік Асанбаев	2
5	Саржетім Қарабалуан батыр	2
6	Қостанай	2
7	Сұлтан Еркімбаев	2
8	Гагарин, Космонавт	1
9	Мамедов	1
10	Қуаныш Шәмшиев, Омаров	1
11	Пушкин, Западная, Индустриальная	2
12	9 Пятилетка, Бәйтерек, Есенин, Островский	2
13	Дорожная, Затобол, Строитель	1
14	Комаров, Лесная, Украинская	1
15	Чехов, Таран	1
16	Приозерная, Советская	1
17	1 Май	2
18	Байқұлақ Батыр, Уәлиханов, Южная	2
19	10 Пятилетка, Астана, Әуезов, Молодежная	2
20	Амангелді, Жангелді, Рахимов	1
21	Торғай, Жылгелдин	1
22	Шақшақ Жанибек батыр	2
23	Мир, Родниковая	1
24	Набережная, Озерная, Съянов	1
25	Чкалов	1
26	50 лет ВЛКСМ, Абай, Новая, Прибрежная	1

27	Березовая, Песчанная, Трудовая, Фаризов	2
28	Восточная, Целинная	1
29	Жамбыл, Киров, Спортивная	2
30	Дружба, Досымханов, Салык Молдахметов, Терешкова	2
31	Мұқаш Тойқожаұлы	1
32	Лермонтов, Заводская	1
33	Пионерская, Рабочая	1
34	Шаяхметов, Энергетик, Тұргымбаев	2
	Барлығы	48

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК